

ҚАЗАҚ ТЕЛЕДИДАРЫНЫҢ "ҮКІМЕТ АРНАСЫ" СТУДИЯСЫ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
24 ақпан 1994 ж. N 215. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы
27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Әлеуметтік-экономикалық қайта құрылу барысында орталық мемлекеттік басқару органдарының қызметін кеңінен жария ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан" мемлекеттік теле-радиохабарларын тарату компаниясында белгіленген тәртіппен заңды тұлға құқығы бар "Үкімет арнасы" студиясы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің, Өнеркәсіп министрлігінің, Байланыс министрлігінің, Энергетика және отын ресурстары министрлігінің, "Парасат" Халықаралық сауда-өнеркәсіп корпорациясы мен "Қазақстанкоммерция" аймақтың сыртқыэкономикалық қауымдастығы "Үкімет арнасы" студиясына материалдық-техникалық көмек көрсету жөніндегі бастамасы қолдау тапсын.

3. "Қазақстан" мемлекеттік теле-радиохабарларын тарату компаниясы:

- "Үкімет арнасы" студиясына аптасына 1,5 сағат көлемде халыққа қолайлы эфир уақытын бөлін;

- "Үкімет арнасы" студиясының шығармашылық ұжымына бағдарламаларын дайындауға және эфирге шығаруға барынша көмек көрсетсін.

4. "Үкімет арнасы" студиясының шығармашылық ұжымын жоғары білікті мамандармен қазақша, орысша және басқа да тілдерде жұмыс істейтін тележурналистермен, режиссерлармен толықтыру жөніндегі жұмысы мақұлдансын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі